

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығын қараңыз.

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>	Республикасы
Үкіметінің		
2011 жылғы	30	қарашадағы
№ 1396	қаулысымен	
бекітілген		

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) « Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айырмашылық (саудалық) атауы – аталған пестицид (улы химикат) тіркелетін, заттаңбаланатын, жарнамаланатын және өнімді басқа пестицидтерден (улы химикаттардан) айрықша ету мақсатында оны тіркелуші (өтінім беруші) ғана пайдалана алатын атау;

2) арнайы техника – пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға арналған құрылғы және (немесе) жабдық;

3) әрекет етуші зат – әртүрлі препараттық нысандар түрінде пайдалану зиянды организмге немесе өсімдіктердің өсуі мен дамуына уытты әрекет етуге әкелетін пестицидтің (улы химикаттың) биологиялық белсенді бөлігі;

4) жалпы қабылданған атау – пестицидтің (улы химикаттың) әрекет етуші затына стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым берген немесе техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган туыстық (топтық) немесе жекелік (тек белгілі бір әрекет етуші затқа) атау ретінде қолдануға қабылдаған атау;

5) зиян тигізудің экономикалық шегі (бұдан әрі – ЗЭШ) – одан төмен болғанда қорғау іс-шараларын жүргізу экономикалық тұрғыдан ақталмайтын өсімдік зиянкестері, аурулары және арамшөптер санының деңгейі;

6) зиянды организмдер – топыраққа, өсімдіктерге және ауыл шаруашылығы өніміне кері әрекет ететін өсімдік зиянкестері, арамшөптері және аурулары;

7) қайта тіркеу – пестицидті (улы химикатты) тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткен соң қосымша сынақтар жүргізбестен қайтадан мемлекеттік тіркеу;

8) қатер – нақты қолдану жағдайындағы пестицидтің (улы химикаттың) ықтимал қауіптілік дәрежесі;

9) құрамдастырылған пестицид (улы химикат) – құрамында екі және одан да көп әрекет етуші зат бар препарат;

10) қысқаша досье – пестицидтің (улы химикаттың) биологиялық, физикалық-химиялық және уытты қасиеттері туралы мәліметтер;

11) орындаушы ұйым – пестицидтердің (улы химикаттардың) биологиялық, шаруашылық тиімділіктерін бағалауды жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдар, сондай-ақ оларды қолданудың экологиялық және санитариялық-гигиеналық қауіпсіздігін бағалауды, пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау әдістерін әзірлеуді, бейімдеуді және байқаудан өткізуді,

олардың қалдық мөлшерлерін зерттеуді жүзеге асыратын, бұл үшін қажетті ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, тиісті бейіндегі және білікті мамандары, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысына және «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес аккредитациясы бар ұйымдардың зертханалары;

12) өсіп-өну кезеңі (өсіп-өну маусымы) – нақты ауыл шаруашылығы дақылын еккеннен бастап оның пісуіне дейінгі кезең;

13) пайдалану (қолдану) регламенті – пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар;

14) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу – нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға препараттарды Қазақстан Республикасының аумағында қолдану құқығына тіркеу куәлігі берілетін, оларды биологиялық, токсикологиялық, гигиеналық және экологиялық бағалау процесін аяқтайтын рәсім;

15) пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтары – тіркеуге ұсынылған пестицидтерді (улы химикаттарды) және оларды пайдалану (қолдану) регламенттерін өндірістік жағдайларда байқаудан өткізу;

16) пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалау – сыналпып жатқан пестицидтерді (улы химикаттарды) қауіпсіздік көрсеткіштері (өнімдегі, қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшері және оның бекітілген нормативтерге сәйкестігі) бойынша бағалау;

17) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтары – пестицидтердің (улы химикаттардың) биологиялық және шаруашылық тиімділігін, олардың адам мен қоршаған табиғи орта үшін қауіпін зерделеудің және оларды қолдану регламенттерін әзірлеудің регламенттелген жүйесі;

18) пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық мөлшері – оның көмегімен адам мен жануарлар үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қауіпсіздігі бағаланатын өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі олардың құрамының сандық көрсеткіші;

19) пестицидтер (улы химикаттар) тізілімі – пестицидтің (улы химикаттың) саудалық атауы, тіркелуші (өтінім беруші), әрекет етуші затты өндіруші, мемлекеттік тіркеу нөмірі, мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу күні және оның аяқталуы көрсетілген, тіркелген пестицидтердің (улы химикаттардың) есеп журналы;

20) пестицидтер (улы химикаттар) тізімі – пестицидтің (улы химикаттың)

саудалық атауы, тіркелуші (өтінім беруші), әрекет етуші затты өндіруші, пестицидтерді (улы химикаттарды) пайдалану (қолдану) регламенттері және мемлекеттік тіркеуді аяқтау күні көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген, тіркелген пестицидтер (улы химикаттар) т і з б е с і ;

21) пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне толықтырулар – жыл сайын қосымша тіркелетін және бекітілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне қосылатын пестицидтер (улы химикаттар) тізбесі;

22) пестицидтің (улы химикаттың) шығыс нормасы – өңделетін аудан бірлігіне пестицид (улы химикат) массасы (гектарға/тоннаға/м²-ге килограмм немесе литр) ;

23) пестицид (улы химикат) қауіптілігі – пестицидтің (улы химикаттың) адамға және қоршаған ортаға қолайсыз әрекет ету мүмкіндігі;

24) пестицидті (улы химикатты) қолданудың биологиялық тиімділігі – зиянды организмдердің қырылу немесе санының азаюы көрсеткіштерімен немесе қорғалатын өсімдіктердің зақымдану дәрежесімен көрсетілетін пестицидті (улы химикатты) қолдану нәтижесі ;

25) препараттық нысан – пестицидтің (улы химикаттың) физикалық-химиялық қасиеттеріне, уыттылығына, арналуына және қолдану тәсіліне қарай (эмульсия концентраты, суспензиялы концентрат, түйіршіктер, паста, микрокапсулаланған суспензия, дымқылданатын ұнтақ және (немесе) басқа да нысандар) оны қолдану нысаны;

26) талдамалық стандарт – пестицидтің (улы химикаттың) әрекет етуші затының химиялық таза үлгісі ;

27) тәжірибелік үлгі – тіркеу және өндірістік сынақтарды жүргізуге жеткілікті мөлшердегі, оларға арналған пестицид (улы химикат);

28) тіркелуші (өтінім беруші) – пестицидті (улы химикатты) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізуге және мемлекеттік тіркеуге өтінім берген, тіркеу процесін өткен және пестицидке (улы химикатқа) тіркеу куәлігін алған жеке немесе заңды тұлға немесе осы тұлғаның белгіленген тәртіппен расталған сенімхаты бар өкілі;

29) тіркеу куәлігі – пестицидті (улы химикатты) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын растайтын құжат ;

30) тіркеу процесі – пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу тәртібі;

31) тіркеу досьесі – пестицидті (улы химикатты) тіркеуге ұсынатын және оның тиімділігін, қауіпсіздігін және сапасын растайтын деректер бар құжаттар ж и ы н т ы ғ ы ;

32) шаруашылық тиімділігі – сақталған ауыл шаруашылығы өнімінің сан және сапа көрсеткіштерімен көрсетілген пестицидті (улы химикатты) дала жағдайында қолдану нәтижесі;

33) эталондық пестицид (улы химикат) – фитосанитариялық қолдану және химиялық тобы бойынша сыналып жатқан пестицидке (улы химикатқа) ұқсас тіркелген және өндірісте пайдаланылатын пестицид (улы химикат). 3.

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу тәртібі мыналарды:

1) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуге өтінімдер қабылдауды;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын ұйымдастыруды;

3) орындаушы ұйымдардың пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізуін;

4) орындаушы ұйымдардың пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалауды жүргізуін;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу және өндірістік сынақтар, сондай-ақ токсикологиялық бағалау нәтижелері туралы есептерді қарастыруды;

6) тіркелушінің (өтінім берушінің) тіркеу досьесін қарастыруды;

7) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеуді денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісуді;

8) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді;

9) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігін беруді;

10) пестицидті (улы химикатты) пестицидтер (улы химикаттар) тізіліміне, пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне және пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне толықтыруларға енгізуді қамтиды.

4. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізуді және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыруды өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – Ведомство) жүргізеді.

5. Орындаушы ұйымдардың тізбесін мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар тізбесінің және белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйымдар зертханалары тізбесінің, сондай-ақ орындаушы ұйымдардан жыл сайын 1 ақпанға дейін берілген өтінім хаттарының негізінде өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – Ведомство) қалыптастырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Тіркеу, өндірістік сынақтар және ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді (улы химикаттарды), сондай-ақ тіркелмеген пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге арналған бастапқы құрауыштарды өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге, қолдануға тыйым салынады.

7. «Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің, экспорты мен импортын, сондай-ақ жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау кезіндегі қызметті лицензиялау ережесін, лицензиялау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және экспорты мен импорты лицензиялануға тиіс тауарлардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 578 қаулысымен бекітілген Экспорты мен импорты лицензиялануға тиіс тауарлар тізбесінің 14-тармағына сәйкес пестицидтердің (улы химикаттардың) тәжірибелік үлгілері Қазақстан Республикасының аумағына тіркеу және өндірістік сынақтарды жүргізуге қажетті мөлшерде лицензиялаусыз әкелінеді.

2. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтары

8. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтары олардың биологиялық және шаруашылық тиімділігін және адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану регламенттерін әзірлеу және тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

9. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізуге өтінімді тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін береді және ол сынақ жүргізуге ұсынылған пестицидті (улы химикатты) қолдану регламенттерін қамтиды.

10. Өтінімге мыналар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке (улы химикатқа) қысқаша досье;

2) өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі өтінім берілген пестицидтер (улы химикаттар) құрамының нормативтері;

3) өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі өтінім берілген пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

4) пестицидті (улы химикатты) өндіруші елде пестицидті (улы химикатты) және оның әрекет етуші заттарын өндіруге рұқсатты растайтын құжат қоса беріледі.

11. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу үшін тіркелуші (өтінім беруші):

1) сәйкестік сертификаты бар зауыттық орамда пестицидтің (улы химикаттың) тәжірибелік үлгісін;

2) сәйкестік сертификаты бар зауыттық орамда эталондық пестицидті (улы химикатты);

3) әрекет етуші заттың талдамалық стандартын, зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған метаболиттердің талдамалық стандарттарын ұсынады.

12. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізуге өтінімдер мынадай жағдайларда:

1) пестицидтердің (улы химикаттардың) әрекет етуші заттары аса уыттыға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тыйым салынған пестицидтер (улы химикаттар) тізбелеріне енгізілсе;

2) пестицидтердің (улы химикаттардың) әрекет етуші заттары Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

3) осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген құжаттардың біреуі болмаса;

4) төмендетілген шығыс нормасы Қазақстанда және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) мемлекеттерінің көбінде ұқсас дақылдарда және дәл сондай зиянды организмдерге қарсы бұрын тіркелгендерден ерекше пестицидті (улы химикатты) сынауға өтінім берілсе;

5) сынақтар жүргізуге өтінім ағымдағы жылғы 1 наурыздан кеш берілсе, кері қайтарылады.

13. Тіркеу сынақтарын жүргізу үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) мөлшері пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану регламенттеріне сәйкес танаптық (ұсақмөлдекті) тәжірибелер жүргізуге өтінімде көзделген мөлшерден аспауы тиіс.

14. Пестицидтерді (улы химикаттарды) пайдалану регламенттерін әзірлеу бөлігіндегі тіркеу сынақтары осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зиянды организмдердің ерекшеліктерін (таралу ареалы, экономикалық мәні, ұрпақ беру саны, патогендігі, төзімділігі) ескере отырып дақылдарды негізгі өсіру аймақтарында жүргізіледі.

15. Пестицидті (улы химикатты) тіркеу сынақтарын жүргізу мерзімі:

1) жаңа әрекет етуші заттар бар пестицидтер (улы химикаттар) үшін – 24 айды (толық өсіп-өнетін 2 маусымды);

2) белгілі әрекет етуші заттар бар пестицидтер (улы химикаттар), оның ішінде құрамдастырылған препараттар үшін тіркелген пестицидтерді (улы химикаттарды) пайдалану (қолдану) аумағы кеңейтілген, олардың рецептурасы мен препараттық нысаны, әрекет етуші затының пайыздық мөлшері өзгерген

кезде, пестицидтің (улы химикаттың) әрекет етуші затын өндіруші ауысқан кезде – 12 айды (толық өсіп-өнетін 1 маусымды) құрайды.

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу мерзімі пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу кезеңінде фитосанитариялық диагностика және болжау саласындағы ұйымның ресми деректеріне сәйкес зиянды организмдер жоқ немесе олардың саны мен даму деңгейі ЗЭШ-тен төмен болғанда бір өсу кезеңіне ұзартылады.

16. Өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілерінде сыналатын пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық мөлшерін және олардың ыдырау серпінін анықтау олардың биологиялық және шаруашылық тиімділігі бағаланатын аймақтарда да және дәл сондай тәжірибелерде жүргізіледі .

17. Ведомство пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу жоспарын әзірлеп, бекітеді және оны тіркелушілерге (өтінім берушілерге) тіркеу сынақтарын жүргізуге рұқсат берілген және орындаушы ұйымдарға ағымдағы жылғы 15 сәуірге дейін жолдайды .

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу жоспарына енгізу пестицидтің (улы химикаттың) тәжірибелік үлгісін тіркеу сынақтарын жүргізуге қажетті мөлшерде Қазақстан Республикасында өндіруге (формуляциялауға) және Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып т а б ы л а д ы .

18. Бекітілген пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізу жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдармен пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтарын жүргізуге шарттар жасасады және оларға пестицидтердің (улы химикаттардың) тәжірибелік және эталондық үлгісін тегін береді, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға осы сынақтар жү р г і з у г е а қ ы т ө л е й д і .

19. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтары аяқталғаннан кейін орындаушы ұйым ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін Ведомство мен тіркелушіге (өтінім берушіге) сыналып жатқан пестицидтің (улы химикаттың) биологиялық және шаруашылық тиімділігі туралы нақты қорытындылармен және тіркеу сынақтарын жалғастыру немесе сыналып жатқан пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірістік сынақтар жоспарына енгізу туралы ұсыныстармен бірге жинақталған сынақтар нәтижелері бар тіркеу сынақтарының нәтижелері туралы есепті осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

20. Ведомство пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалау, пестицидтердің (улы химикаттардың) ауыл шаруашылығы өнімі мен топырақтағы қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарын әзірлеп, бекітеді және оны ағымдағы

жылғы 30 мамырда тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және осы жұмыстарды жүргізуге аккредитацияланған орындаушы ұйымдарға жолдайды.

21. Пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалау, пестицидтердің (улы химикаттардың) ауыл шаруашылығы өнімі мен топырақтағы қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарына енгізу осы жұмыстарды жүргізуге қажетті көлемде пестицидтің (улы химикаттың) талдамалық үлгісін Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып табылады.

22. Бекітілген пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалау, пестицидтердің (улы химикаттардың) ауыл шаруашылығы өнімі мен топырақтағы қалдық мөлшерлерін анықтау әдістерін әзірлеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдармен осы жұмыстарды жүргізуге шарттар жасасады, оларға пестицидтің (улы химикаттың) талдамалық үлгілерін, өтінім берілген пестицидтердің (улы химикаттардың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерін анықтау әдісін тегін ұсынады, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға осы жұмыстарды жүргізу ақысын төлейді.

23. Орындаушы ұйымдардың пестицидтің (улы химикаттың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерінің құрамын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу нәтижелері туралы есептері Ведомствоға және тіркелушіге (өтінім берушіге) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін ұсынылады.

24. Көрсетілетін (көрнекі) тәжірибелерді пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде және пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне толықтыруларда көрсетілген пайдалану (қолдану) регламенттері бойынша тіркелген пестицидтермен (улы химикаттармен) ғана жүргізуге болады.

3. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтары

25. Өндірістік сынақтар пестицидтерді (улы химикаттарды) сынаудың соңғы кезеңі болып табылады және ұсынылып отырған пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану регламенттерінің биологиялық және шаруашылық тиімділігінің тұрақтылығын өндірістік жағдайда тексеру және растау мақсатында жүзеге асырылады.

26. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізуге өтінімді тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін береді.

27. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу үшін тіркелуші (өтінім беруші):

1) сәйкестік сертификатымен және Қазақстан Республикасының аккредиттелген зертханаларында жүргізілген әрекет етуші зат пен қоспалар құрамын зертханалық зерттеу деректерімен бірге зауыттық орамдағы пестицидтің (улы химикаттың) тәжірибелік үлгісін;

2) сәйкестік сертификатымен бірге зауыттық орамдағы эталондық пестицидті (улы химикатты) ұсынады.

28. Өндірістік сынақтар үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) мөлшері сынақтар жүргізу көзделген әр топырақтық-климаттық аймақта әр дақылда 10 (он) гектарды өңдеуге қажетті мөлшерден аспауы тиіс.

29. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізуге өтінімдер мынадай жағдайларда:

1) пестицидтердің (улы химикаттардың) әрекет етуші заттары аса уыттыға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тыйым салынған пестицидтер (улы химикаттар) тізбелеріне енгізілсе;

2) пестицидтің (улы химикаттың) адам денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіптілігі туралы бұрын белгісіз деректер алынса;

3) пестицидтердің (улы химикаттардың) әрекет етуші заттары Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

4) сынақтар жүргізуге өтінім ағымдағы жылғы 1 наурыздан кеш берілсе, кері қайтарылады.

30. Өндірістік сынақтар дақылға және зиянды организмге қарай бір-төрт топырақтық-климаттық аймақта осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

31. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу мерзімі 12 айды (бір өсіп-өну маусымын) құрайды.

Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу мерзімі пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу кезінде фитосанитариялық диагностика және болжау саласындағы уәкілетті органның ресми деректеріне сәйкес зиянды организмдер жоқ немесе олардың саны мен даму деңгейі ЗЭШ-тен төмен болғанда бір өсіп-өну маусымына ұзартылады.

32. Ведомство пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу жоспарын әзірлеп, бекітеді және оны өндірістік сынақтар жүргізуге жіберілген тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және орындаушы ұйымдарға ағымдағы жылғы 15 сәуірге дейін жолдайды.

33. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу жоспарына енгізу пестицидтің (улы химикаттың) тәжірибелік үлгісін өндірістік

сынақтарды жүргізуге қажетті көлемде Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасында өндіруге (формуляциялауға) негіз болып табылады.

34. Бекітілген пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу жоспарына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) өндірістік сынақтар жүргізуге орындаушы ұйымдармен шарттар жасасады және оларға пестицидтердің (улы химикаттардың) тәжірибелік және эталондық үлгісін тегін ұсынады, сондай-ақ орындаушы ұйымдарға осы сынақтарды жүргізу ақысын төлейді.

35. Пестицидтің (улы химикаттың) өндірістік сынақтары аяқталғаннан кейін орындаушы ұйым ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін Ведомство мен тіркелушіге (өтінім берушіге) пестицидті (улы химикатты) тіркеу мүмкіндігі, оны қолдану регламенттері мен шектеулері туралы, сондай-ақ келеңсіз теріс әсері туралы нақты қорытындыларымен және айқын ұсыныстарымен жинақталған сынақтар нәтижелері бар өндірістік сынақтар нәтижелері туралы есепті осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

36. Пестицидтердің (улы химикаттардың) өндірістік сынақтарын жүргізу нәтижелері бойынша Ведомствоның облыстық аумақтық инспекциялары пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірістік тексеру актілерін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

37. Жүргізілген өндірістік сынақтар нәтижелері Ведомствоға пестицидті (улы химикатты) сыналған шығыс нормаларында тіркеу мүмкіндігі туралы бір мәнді қорытынды жасауға мүмкіндік бермесе, онда тіркелушінің (өтінім берушінің) келісімі бойынша өндірістік сынақтар мерзімі бір жылға ұзартылады немесе одан әрі өндірістік сынақтар жүргізе отырып, шығыс нормаларын анықтау үшін пестицид (улы химикат) тіркеулік сынақтар кезеңіне қайтарылады немесе бұдан әрі мемлекеттік сынақтардан алып тасталады.

4. Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу

38. Мемлекеттік тіркеуге олар бойынша қажетті көлемде тіркеу және өндірістік сынақтары, пестицидтерді (улы химикаттарды) токсикологиялық бағалау жүргізілген, тіркеу досьесі мен денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың келісімі алынған пестицидтер (улы химикаттар) жатады.

39. Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін мемлекеттік немесе орыс тілінде тіркеу досьесін ұсынады, ол мыналарды қамтиды:

1) тіркелушінің (өтінім берушінің) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімі;

- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті (улы химикатты) тіркеу және өндірістік сынақтарының нәтижелері туралы есептер;
- 3) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтердің (улы химикаттардың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерінің құрамын анықтау жөніндегі есептер;
- 4) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті (улы химикатты) өндірістік тексеру актісі;
- 5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицид (улы химикат) туралы мәліметтер;
- 6) пестицидтің (улы химикаттың) әрекет етуші заты мен препараттық нысанын токсикологиялық-гигиеналық бағалау жөніндегі есептер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 7) пестицидтің (улы химикаттың) қауіптілігін гигиеналық бағалау жөніндегі есептер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 8) пестицидті (улы химикатты) өндіру және қолдану кезіндегі еңбек шарттарын санитариялық-гигиеналық зерттеулер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 9) пестицидті (улы химикатты) токсикологиялық-балық шаруашылығы бағалауы туралы есептер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 10) пестицидті (улы химикатты) экологиялық-токсикологиялық бағалау туралы есептер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 11) пестицидті (улы химикатты) ара шаруашылығы мен мал шаруашылығы үшін ветеринариялық-санитариялық, экологиялық-токсикологиялық бағалау туралы есептер (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Украинада осы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін ұсынуға рұқсат беріледі);
- 12) пестицидтегі (улы химикаттағы) әрекет етуші затты анықтаудың талдамалық әдісі. Тіркелуші (өтінім беруші) әдісті Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеуді жүргізеді (бейімделген тәсілді де ұсынуға рұқсат беріледі);

13) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша D1 тарауына (21-тармаққа) сәйкес пестицидтердің (улы химикаттардың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында және Қазақстан Республикасында бейімделген әдістемелерді ұсынуға рұқсат беріледі);

14) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша D1 тарауына (21-тармаққа) сәйкес пестицидтердің (улы химикаттардың) жұмыс аймағының ауасындағы қалдық мөлшерлерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бейімделген әдістемелерді де ұсынуға рұқсат беріледі);

15) пестицидтің (улы химикаттың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі құрамының нормативтері (пестицидтің (улы химикаттың) өсімдік шаруашылығы өніміндегі ең көп жол берілген деңгейі, пестицидтің (улы химикаттың) санитарлық-тұрмыстық мақсаттағы су қоймалары суындағы шекті жол берілген шоғырлануы, пестицидтің (улы химикаттың) жұмыс аймағы ауасындағы шекті жол берілген шоғырлануы, пестицидтің (улы химикаттың) жұмыс аймағы ауасындағы және атмосфералық ауадағы болжамды қауіпсіз әрекет ету деңгейі, пестицидтің (улы химикаттың) топырақтағы шекті жол берілген шоғырлануы) (Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының немесе Беларусь Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы бекіткен);

16) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік органның талаптарына сәйкес пестицидті (улы химикатты) өндіруге (формуляциялауға) ұйымдастыру стандарты (техникалық шарттар), препараттық нысанның рецептурасы, пестицидті (улы химикатты) өндіруге (формуляциялауға) лицензиялық келісімнің көшірмесі (ТМД елдерінде және Қазақстан Республикасында өндірілетін препараттар үшін);

19) пестицидті (улы химикатты) өндірушіге берілген пестицид (улы химикат) пен оның әрекет етуші заттарын өндіруге (формуляциялауға) рұқсатты куәландыратын құжат (шетелдік пестицидтер (улы химикаттар) өндірушілер үшін белгіленген тәртіппен заңдастырылған) отандық пестицидтер (улы химикаттар) өндірушілер үшін салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы болмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

20) пестицидті (улы химикатты) өндіруші әзірлеген пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспорты;

21) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті (улы химикатты) тасымалдау, сақтау, қолдану және залалсыздандыру жөніндегі ұсыныстар;

22) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараты бар ыдыс заттаңбасының үлгісі.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40. Орындаушы ұйымдардағы, сондай-ақ оларды қарауға қатысатын мемлекеттік мекемелердегі пестицидтерге (улы химикаттарға) барлық тіркеу материалдары жариялануға жатпайды. Ведомство Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелуші (өтінім беруші) ұсынған тіркеу материалдарының, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарды жүргізуге өтінімдердің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды.

Тіркелуші (өтінім беруші) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден бас тартқан кезде тіркеу материалдарының барлығы оның жазбаша сұратуы бойынша тіркелушіге (өтінім берушіге) қайтаруға жатады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Ведомство пестицидке (улы химикатқа) тіркеу материалдарын қарайды және тіркеу дерекнамасы ұсынылған күннен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды. Мемлекеттік тіркеуге «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы жүгінген кезде 22 (жиырма екі) жұмыс күні ішінде шешім қабылданады.

Осы мерзім ішінде Ведомство қоршаған орта және су ресурстары және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сұрау салуды келісуге жолдайды, олар 10 (он) жұмыс күні ішінде Ведомствоға пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуге келісу немесе одан бас тарту туралы жауап жолдайды. Келісетін мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап ұсынбаған жағдайда, пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу келісілді деп есептеледі.

Ескерту. 41-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

42. Қарастырылған тіркеу материалдары бойынша Ведомствоның мынадай:

1) пестицид (улы химикат) тіркелсін;
2) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден бас тартылсын деген шешімдердің бірімен қорытындысы дайындалады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Шешім қабылданғаннан кейін Ведомство осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті қорғау дәрежелері бар белгіленген нысандағы пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеу куәліктерін ресімдейді. Тіркеу куәлігінің түпнұсқасы тіркелушіге (өтінім берушіге) немесе белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхаты бар ол уәкілеттік берген тұлғаға беріледі. Пестицидке (улы химикатқа) тіркеу куәлігінің көшірмесі Ведомствода сақталады.

44. Тіркелген пестицид (улы химикат) пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне толықтыру жолымен енгізіледі. Пестицидті (улы химикатты) тіркеу немесе қайта тіркеу күні мен мемлекеттік тіркеу нөмірі пестицидтер (улы химикаттар) тізіліміне жазылады және пестицидтер (улы химикаттар) тізімі мен оның толықтыруларында көрсетіледі. Пестицидтер (улы химикаттар) тізілімін Ведомство қағаз және электрондық түрде жүргізеді.

45. Ведомство пестицидтер (улы химикаттар) тізімін және (немесе) тізімге толықтыруларды тиісті бұйрықпен бекітеді, оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырады және типографиялық тәсілмен басып шығарады. Пестицидтер (улы химикаттар) тізімінің және тізімге толықтырулардың электрондық және полиграфиялық нұсқаларының күштері бірдей.

46. Пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде және тізімге толықтыруларда белгілі әрекет етуші заттары бар пестицидтер (улы химикаттар) үшін әрекет етуші затты өндіруші көрсетіледі.

47. Пестицидке (улы химикатқа) тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі 10 жыл. Мерзімі өткен соң пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу талаптарының өзгеруін ескере отырып, қайта тіркеу жүргізіледі.

48. Таралуы фитосанитариялық болжамға сәйкес фитосанитариялық жағдайды нашарлатуы мүмкін жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен, сондай-ақ карантиндік объектілермен Қазақстан Республикасының аумағында күресу үшін қажетті пестицидтер (улы химикаттар) болмаса, алайда ғылыми-зерттеу институттарының оң ұсынымдары және аталған пестицид (улы химикат) ұқсас қолданылу аясы бойынша (сол дақылда және сол зиянды организмдерге қарсы) ТМД елдерінде тіркелген болса, пестицидті (улы химикатты) 2 жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте пестицидтерді (улы химикаттарды) кейіннен міндетті түрде мемлекеттік тіркеу жүргізіледі. Аталған пестицидті (улы химикатты) 10 жылға дейінгі мерзімге мемлекеттік тіркеу үшін кейіннен денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың қорытындыларын ұсына отырып, пестицидті (улы химикатты) тіркеу және өндірістік сынақтары және токсикологиялық бағалауы жүргізіледі.

49. Пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуден бас тартуға:

1) осы Қағидалардың 39-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау;
2) қоршаған орта және су ресурстары саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді келісуден дәлелді бас тартуының болуы;

3) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтары мен токсикологиялық бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу әдістемелерін бұзу;

4) ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың талаптарын бұза отырып ресімдеу;

5) пестицидтің (улы химикаттың) адам денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіпті әсері туралы бұрын белгісіз деректер алу, пестицидтердің (улы химикаттардың) әрекеті етуші заттарын Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тыйым салынған пестицидтер (улы химикаттар) тізбесіне енгізу;

6) тіркеуге ұсынылған пестицидтердің (улы химикаттардың) шығыс нормаларының Кеден одағы елдерінде ұқсас дақылдар және дәл сол зиянды организмдерге қарсы тіркелгендерден айтарлықтай айырмашылықтары;

7) пестицидтің (улы химикаттың) немесе әрекет етуші заттың химиялық құрамының, рецептурасының және өндіру технологиясының өзгеруі;

8) пестицидтің (улы химикаттың) құрамында Қазақстан Республикасының патентімен қорғалатын әрекет етуші заттың болуы негіз болады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50. Тіркелген пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу егер:

1) пестицидтің (улы химикаттың) физикалық-химиялық, токсикологиялық және басқа да сипаттамаларының мемлекеттік тіркеу кезіндегі тіркеу материалдарында мәлімделгенге сәйкес келмеуі анықталса;

2) тіркеу дерекнамасының материалдары осы Қағидалардың 39-тармағында жазылған талаптарға сәйкес келмесе, тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру туралы шешім қабылданғаннан кейін

Ведомство тіркелушіге (өтінім берушіге) анықталған сәйкессіздік және хабарланған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тіркеу материалдарын ауыстыру немесе жаңа деректермен толықтыру қажеттігі туралы хабарлама ж о л д а й д ы .

Тіркелуші (өтінім беруші) тіркеу материалдарын ауыстыруды немесе толықтыруды жүргізген жағдайда, Ведомство тіркеу материалдары ұсынылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес талаптарға сәйкестігін қарайды және пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді қайта бастау немесе оны мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Тіркелуші (өтінім беруші) хабарланған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тіркеу материалдарын ауыстыруды немесе толықтыруды жүргізбеген жағдайда, Ведомство пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

51. Пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу пестицидтің (улы химикаттың) адам денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіпті әсері, ресми анықталып, тиісті актімен ресімделген оны өндірісте қолдану кезіндегі жеткіліксіз тиімділігі туралы бұрын белгісіз мәліметтер алынған кезде, пестицидтің (улы химикаттың) химиялық құрамы, рецептурасы және өндіру технологиясы өзгерген кезде, сондай-ақ пестицид (улы химикат) Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Қазақстан Республикасында тыйым салынған пестицидтер (улы химикаттар) тізбесіне енгізілген кезде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылады.

52. Ведомство пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеудің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, тиісті бұйрық шығарады, бұл туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырады және пестицидтер (улы химикаттар) тізімі мен оның толықтыруларына өзгерістер е н г і з е д і .

53. Ведомство бұйрық шыққаннан кейін 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде тіркелушіге (өтінім берушіге) пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеудің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Тіркелуші (өтінім беруші) жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде Ведомствоға тіркеу куәлігін қайтарады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

54. Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидті (улы химикатты) тіркелушімен (өтінім берушімен) лицензиялық келісім бойынша Қазақстан Республикасында өндіру (формуляциялау) жоспарланса, Ведомствоға лицензиялық келісімнің көшірмесі мен пестицидті (улы химикатты) өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйымның стандарты, сондай-ақ өндіруші зауыттың осы әрекет етуші затты өндіруге рұқсаты немесе лицензиясы (белгіленген тәртіппен расталған көшірмесі) беріледі. Бұл ретте жаңадан тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізілмейді.

55. Тіркелген пестицид (улы химикат) және оның әрекет етуші заты өндірілетін өндіруші зауыт рецептурасы мен өндіру технологиясы сақтала отырып ауысқан кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға жазбаша түрде бұл туралы хабарлайды және өндіруші зауыттың осы пестицид (улы химикат) пен оның әрекет етуші заттарын өндіруге рұқсатын немесе лицензиясын (белгіленген тәртіппен расталған көшірмесін), сондай-ақ пестицидтің (улы химикаттың) құрамы мен әрекет етуші заттарының бірдейлігін растайтын зертханалық талдау деректерін қоса береді.

Бұл ретте мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидті (улы химикатты) жаңа тіркеу және өндірістік сынақтары жүргізілмейді. Тіркелушіге (өтінім берушіге) жаңа тіркеу куәлігі берілмейді.

56. Мемлекеттік тіркеу мерзімі өтіп кеткен пестицидтер (улы химикаттар) қайталама тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізусіз қайта тіркеуге жатады.

57. Пестицидтерді (улы химикаттарды) қайта тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға мына құжаттарды:

1) пестицидтің (улы химикаттың) саудалық атауын, әрекет етуші затын өндірушіні, препараттық нысаны мен оның құрамын, пайдалану (қолдану) регламенттерін растай отырып өтінім;

2) бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасын;

3) осы Қағидалардың 39-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бұрын берілмеген пестицид (улы химикат) туралы жаңа мәліметтерді береді.

58. Қайта тіркеуге өтінім мен тиісті құжаттар мемлекеттік тіркеу мерзімінің аяқталуына дейін 40 (қырық) жұмыс күні бұрын беріледі.

Ведомство пестицидті (улы химикатты) қайта тіркеу туралы шешім қабылдайды, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке (улы химикатқа) жаңа тіркеу куәлігін ресімдейді және береді, бұл туралы ақпаратты өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады және пестицидтер (улы химикаттар) тізімі мен оның толықтыруларына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59. Мына жағдайларда:

- 1) қауіптілігі туралы бұрын белгісіз жаңа деректер алынғанда;
- 2) пестицид (улы химикат) Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Қазақстан Республикасында тыйым салынған пестицидтер (улы химикаттар) тізбесіне енгізілгенде;
- 3) пестицидтің (улы химикаттың) тиісті актімен ресми ресімделген өндірісте қолданылған кездегі биологиялық тиімділігі мемлекеттік тіркеу кезінде анықталғаннан төмен болғанда;
- 4) пестицидтің (улы химикаттың) химиялық құрамы, рецептурасы және өндіру (формуляциялау) технологиясы өзгергенде, пестицидтер (улы химикаттар) қайта тіркеуге жатпайды.

60. Пестицидтің (улы химикаттың) тиісті актімен ресми ресімделген өндірісте қолданылған кездегі шығыс нормаларының биологиялық тиімділігі мемлекеттік тіркеу кезінде анықталғаннан төмен болған кезде, сондай-ақ препараттың нысанының химиялық құрамы, құрауыштар құрамы өзгерген кезде пестицидті (улы химикатты) жаңа тіркеу және өндірістік сынақтары жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша тіркелушіге (өтінім берушіге) жаңа тіркеу куәлігі беріледі.

61. Тіркелуші (өтінім беруші) пестицидтің (улы химикаттың) химиялық құрамындағы, рецептурасындағы және өндіру (формуляциялау) технологиясындағы барлық өзгерістер, сондай-ақ оның қауіптілігі туралы жаңа деректер пайда болғаны туралы ақпарат ұсынады.

62. Тіркелуші (өтінім беруші) ауысқан немесе тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға бұл туралы жазбаша хабарлайды және мына құжаттарды:

- 1) пестицидтің (улы химикаттың) саудалық атауын, әрекет етуші затын өндірушіні, препараттық нысаны мен оның құрамын, қолдану регламенттерін растай отырып өтінім;
- 2) бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасын;
- 3) тіркелушінің (өтінім берушінің) қайта ұйымдастырылуын немесе пестицидті (улы химикатты) мемлекеттік тіркеу құқығын жаңа тіркелушіге (өтінім берушіге) беруін растайтын құжаттарды;
- 4) жаңа тіркелуші (өтінім беруші) тұлғасының атынан осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген пестицидке (улы химикатқа) қысқаша досье мен материалдарды;
- 5) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама қоса беріледі.

Бұл ретте мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидтерді (улы

химикаттарды) жаңа тіркеу және өндірістік сынақтары жүргізілмейді. Тіркелушіге (өтінім берушіге) жаңа тіркеу куәлігі беріледі.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 N 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Пестицидтерді (улы химикаттарды) химикаттарды)
тіркеу, өндірістік сынақтарын
жүргізу және мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу немесе өндірістік сынақтарын жүргізуге өтінім (тіркелушінің (өтінім берушінің) фирмалық бланкілерінде ұсынылады және тіркелушінің (өтінім берушінің) қолымен және мөрімен куәландырылады)

Тіркелуші (өтінім беруші)

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы)

(мемлекет, мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail)

